

Карантинді тоқтату және Ақсу қаласы Қызылжар ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы "Ақсу қаласы Қызылжар ауылдық округінің "Аралов К" шаруа қожалығының аумағында карантин белгілеу туралы" № 1-03/8 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Ақсу қаласы Қызылжар ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 20 қаңтардағы № 1-03/3 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 22 қаңтарда № 7196 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Ақсу қаласының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 2-19/752 ұсынысы негізінде, Қызылжар ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақсу қаласы Қызылжар ауылдық округінің "Аралов К" шаруа қожалығының аумағында ірі қара малдың қарасан ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитариялық іс-шараларын жүргізілуіне байланысты, белгіленген карантин тоқтатылсын.

2. Ақсу қаласы Қызылжар ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы "Ақсу қаласы Қызылжар ауылдық округінің "Аралов К" шаруа қожалығының аумағында карантин белгілеу туралы" № 1-03/8 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7018 болып тіркелген, 2020 жылғы 11 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылжар ауылдық округінің әкімі

М. Солтанов